

KAZGUU LIBERAL ARTS DIGEST

VOLUME 04
DECEMBER 2022



INFORMATION ABOUT THE JOURNAL

“KLAD” is a student journal first published at M. Narikbayev Kazguu University School of liberal arts. This journal is aimed at enhancing students’ involvement into science and research.

«KLAD” journal admits for publication various types of articles: original research, review articles, short reports or essays, reflections, case studies, methodologies and cases in english; containing the results of fundamental and applied research in the field of philosophy and identity, history of kazakhstan, pedagogy, linguistics and methods of teaching languages, translation, and tourism.

CONTENTS

Проблемы с социализацией подростка в школе и как это влияет на его индивидуализацию	7
Ашкенова К., Жумагазина М., Насанова Ж.	
Жас дағдарысы кезіндегі бастауыш сынып оқушысының жеке басының дамуының жағымсыз факторларының психологиялық диагностикасы	17
Бағайқызы А., Шаку Ұ., Асаналі М., Жабенова Т., Максұтова Ж.	
Психология личности и гендерная специфика. Как гендер влияет на становление личности?	27
Бахромова А., Изтелеуова К., Ким И	
Влияние типа родительского воспитания на адаптацию ребенка в социуме	34
Бекенова А., Берғалиева А., Жанкина Д., Жумадилова А., Константи́ниди А.	
Sociolects used in M. S. Narikbayev KAZGUU University	49
Akizhanova M.	
Phraseological Units of the English Language Containing Proper Names	54
Gulnaz E. Baltabolat	
Peculiarities of Political Discourse in the English Language	61
Lunara Barysheva	
Use of Compounds in Scientific Texts	69
Yelizaveta Frolova	

Word Order in English and Chinese: A Case Study of the Chinese Folk Tale	76
Assemgul Khamidullova	
Representation of the Trilingual policy by Kazakhstani Media and Information Portals	86
Russalina Akhmerova	
Competitive Environment	98
Barysheva Lunara, Frolova Yelizaveta, Serikbay Dilyara	
Bilingualism from early childhood	104
Baigazy Zhamilya	
What Are the Challenges of International Students in the Adaptation in Another Country?	116
Indira Kabdrasheva	
Experiences of the NIS Graduates with the CLIL Approach	128
Kalymzhanova Azhar	
Experiences of the Individuals with Multilingual Upbringing in Kazakhstan	140
Tokzhan Yessengali	
Language Learning Motivation	148
Tomiris A. Zhilkibayeva	
Experiences of students with disabilities at KAZGUU University	167
Abylgazina Aidana, Askhatova Meerim, Erik Aigerim	
Young women should get married according to civil law but not to traditions	175
Akkuzinova Leila	
Young women should get married according to civil law but not to traditions	178
Leila Akkuzhanova	
Young women should get married according to civil law but not to traditions	181
Anelya Ayapbergenova	
Young women should get married according to civil law but not to traditions	184
Anuarbek Shugyla	

Young women should get married according to civil law but not to traditions	187
Kazi Venera	
Each president should be elected only once	191
Koltsov Konstantin	
Young women should get married according to civil law but not to traditions	194
Kuandykova Aibibi	
Ladies in Eastern countries must cover their bodies	197
Orazbayeva Aruzhan	
The Day of the Dead	201
Kurdykenova K.	
PARIS FASHION WEEK	203
Sagadiyeva Yerkezhan	
Saint Patrick's Day in Ireland.	205
Danish Aisulu	
Members of Editorial Board	207



PART 01

KAZGUU LIBERAL ARTS DIGEST
**LITERATURE
REVIEWS**

ДАҒДАРЫС КЕЗІНДЕГІ ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКАСЫ (БАСТАУЫШ СЫНЫПТА)

БАҒАЙҚЫЗЫ А., ШАКУ Ұ., АСАНАЛИ М., ЖАБЕНОВА Т., МАКСУТОВА Ж.

Аннотация: Мақала нормативтік жас дағдарысы кезіндегі баланың дамуының жағымсыз факторларын зерттеуге арналған. Зерттеу материалдары кіші жастағы оқушылардың дамуының қиын кезеңдерінде қандай қиындықтарға тап болуы ықтимал екенін түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада жастық дағдарыс кезіндегі жағымсыз әсерлердің психологиялық диагностикасы, ата-ана мен бала қарым-қатынасындағы қиындықтар, әлеуметтік-психологиялық бейімделу ерекшеліктері, зияткерлік көрсеткіштер және баланың жеке басының дамуы кезіндегі кіші оқушының гормоналды фонын талдау қарастырылады.

Кілт сөздер: психологиялық диагностика, даму кезеңі, жас дағдарысы, қиындықтар, көрсеткіштер, өзгерістер.

Бастауыш сынып оқушысының дамуы бұрынғы уақыттан келе жатқан қазіргі

психологияның өзекті тақырыптарының бірі болып табылады. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына және даму үдерісіне кері әсер ететін әртүрлі биологиялық, психологиялық және әлеуметтік факторлар бар. Тұлғаның қалыптасу барысында баланың өтпелі кезеңінде туындайтын қиындықтар әр адамды әртүрлі психологиялық өзгерістерге әкеледі. Ең маңызды ықпал етуші факторлар - бала мен ата-ана қарым-қатынасы, оның құндылықтарының қалыптасуы, қоғамдағы психологиялық адаптацияға әсер ететін жағдайлар және биологиялық-гормондық фон болып саналады. Осы мәселелер бойынша бірнеше тәжірибелер өткізілген мақалаларды салыстыра отырып анализ жүргізілді.

Біздің осы тақырыпты талдауға алғаны-

мызға не себеп болды? Бастауыш сыныптан бастап әр жасөспірім қоршаған ортаның келімсіз жағдайларына бейімделу және оның тұлға болып қалыптасуы өтпелі кезеңде орын алатындықтан балалар мен жасөспірімдерді зерттеу өзекті деп санаймыз. Бастауыш сынып оқушысының бұл кезеңнен сәтті өтуінің маңызы - оның жақын адамдарының, қоршаған ортасының эмоционалды және әлеуметтік әсерін тигізуінде. Егер де осы өтпелі кезеңде баланың өміріндегі қандайда бір кері ықпал көрсететін жағдай болған кезде, бұл баланың тұңғылып қалуына немесе қоғамдағы адаптациясына үлкен әсерін тигізетін еді. Әр азаматтың жастайынан қалыптасқан тұлғалық қасиеттері - мемлекет келешегіне, халықтың сыртқы бейнесіне тікелей байланысты.

«Жас дағдарысы кезіндегі бастауыш сынып оқушысының жеке басының да-

муының жағымсыз факторлардың психологиялық диагностикасы» деген біздің шолу мақаламыздың жетекші мақаласы болып табылатын Рудакованың (2016) мақаласында автор бастауыш оқушысына әсер ететін әртүрлі факторларды келтіріп, жас дағдарысының кезеңін сипаттайды. Сондай-ақ зерттеулер жүргізу үшін дағдарыс кезеңінің өтуіне әсер ететін факторларды анықтауға көмектесетін әдістер мен механизмдер қарастырылған. Бүгінгі күні бастауыш сынып оқушының жеке басын толық анықтайтын бір ғана әдісті атап өту қиын, сондықтан олардың саны көп емес. Бірақ әртүрлі зерттеулердің көмегімен жеке тұлғаның ерекшеліктерін анықтауға болады. Сондықтан оқушының дамуы мен тұлғаның қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар бойынша бала тұлғасының психологиялық диагностикасын қамтамасыз ететін модель бар. Модельде дағдарысқа қарсы әрекет ету ерекшеліктері де көрсетілген. Бұл мақаланың тақырыбы психологиялық диагностиканың жас дағдарысы, психикалық дамудың кезеңділігі, тұлға диагностикасы, зерттеу әдістері мен механизмдері сияқты мәселелерін қамтиды. Баланың жеке басының диагностикасы бойынша модель негізгі жетекші факторларды көрсетеді: әлеуметтік факторлар мен психологиялық факторлардың зерттеу аймағы мен құрамдас бөліктері бар. Әлеуметтік факторларға баланың әлеуметтік ортамен/әлеммен тұлғааралық қатынасы жатады. Психологиялық факторлар баланың тұлғасын тәрбиелік және мотивациялық бөліктердегі субъект ретінде, танымдық сфера деңгейін және өзін-өзі тану мен бағалау деңгейін қарастыратын осындай компоненттерді қамтиды. Рудаковтың «Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердің мазмұндық талдауы, жас дағдарысы кезіндегі кіші мектеп оқушысының тұлғасын психологиялық диагностикалаудың ұсынылған моделі» мақаласындағы баланың даму процесінің әртүрлілігі туралы бұл дағдарыс барлық жерде болады деп дәлелдеуге мүмкіндік береді. ба-

лаларға әртүрлі жолдармен әсер етеді және жеке құрылымдық компоненттерге әсер етеді, тұтастай алғанда бүкіл жеке жүйеге локализацияланған»(4 б.).

Дағдарыс кезеңінде бастауыш сынып оқушысына үлкен әсер ететін әлеуметтік факторларды талдай отырып, Панфилова әзірлеген Кактус графикалық техникасы баланың психикасының құрамдас бөліктерін (агрессивтілік, импульсивтілік, эгоцентризм, сенімсіздік, демонстративті ашықтық, құпиялық, сақтық) анықтауға мүмкіндік береді. , оптимизм, алаңдаушылық, әйелдік, экстраверсия, интроверсия) . Ата-ана қарым-қатынасы балаға деген әртүрлі сезімдер жүйесі болып табылатын бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты бөлек атап өткім келеді. Ата-аналар баламен сөйлескенде, әсіресе баланың жеке басын және оның іс-әрекетін қабылдауға қатысты қандай әрекеттер жасайды? Бұл сұраққа Варг пен Столиннің ата-аналық қатынастарды диагностикалау әдістемесінде бес шкаланың талдауы жүргізіледі. Масштабты қабылдаудан бас тарту, ынтымақтастық, симбиоз, авторитарлық гиперсоциализация, аз жеңіліс. Ата-аналармен қарым-қатынастан басқа, әлеуметтік фактордың бір құрамдас бөлігі - әлеуметтік мәртебе. Бұл компонент үшін әлеуметтік топтардың балаға әсері және оның мәртебесі туралы ақпарат беретін коммуникациялық дағдыларды диагностикалаудың Морена социометриялық әдісі таңдалды. Сондай-ақ, әлеуметтік факторларды зерттеу үшін Панченко жануарлар мектебінің әдістері, отбасылық социограмма әдісі және Вагнер қол сынағы әдісі көмектеседі. Мақалада сондай-ақ жетекші іс-әрекет түрлерінің (оқу әрекеті және мотивациялық сфера) және жасқа байланысты ісіктердің (когнитивті сала, өзін-өзі тану және өзін-өзі бағалау) болуы психологиялық факторлар көрсетілген. Инфантилизмді, зейіннің еріктілігін, семантикалық жадыны қабылдауды, сөздік логикалық ойлауды және өзін-өзі бағалау мен сананың деңгейлерін зерт-

теу әдістемелері келтірілген. Баланың дамуындағы маңызды орын оқу әрекеті мен мотивацияның болуы болып табылады, оны оқытуда қандай қиындықтар туындайтынын анықтау және оқушының оқуға деген көзқарасын көрсету үшін мұғалімдер мен баланың бағаларын сұрау арқылы анықтауға болады. Бұл айтылған дағдыларды зерттеу үшін Ньютена мен Орловтың аяқталмаған сөйлем методикасы, сандарды орналастыру, Иманованың түзету сынағы, Шульте таблицасы, Лурияның сөздерді жаттау методикасы, Замбацявиченаның сөздік логикалық ойлау механизмы көмектеседі. Сонымен қатар баланың өзін-өзі бағалау және өзін-өзі тану процестерінің қалыптасуында маңызды кезеңдердің бірі. Щурдың баспалдағы мен Лампеннің ағашы баланың, жалпы кез келген адамның сенімділік деңгейін, яғни өзін өзі бағалауын көрсететін методикалар. Баланың өзінің өзіне деген, өзінің денесіне деген қарым қатынасын көрсететін Пирса Харистің методикасы. Жалпы баланың даму жолындағы өзгерістер оның өзіне деген көзқарасы және әлеуметтік, қоршаған ортадағы өзгерістерге алып келеді. Автор Рудакова өзінің мақаласында оқушының дамуы мен тұлғаның қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар бойынша бала тұлғасының психологиялық диагностикасын қамтамасыз ететін модельді ұсынған. Ұсынылған модельде әсер ететін негізгі факторларды және дағдыларды көрсеткен. Оған қоса, осы факторлар мен дағдылар қатынаса отырып жүргізілген зерттеу методикалары мен механизмдерін жазған.

Ендігі кезек, бұл Дружининаның (2012) “Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қиындықтар және ата-аналар мен олардың жасөспірім балаларының мінез-құлқындағы қиындықтар” мақаласы талданады. Мақалада ата-ана мен олардың жасөспірім балаларының мінез-құлқытарының ерекшеліктері, яғни қиындықтары жайында айтылған. Қазіргі кезде көптеген отба-

сында ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас жақсы емес. Әсіресе балаларда өтпелі кезең болғанда олардың мінездері қатты өзгереді. Зерттеушілердің пайымдауынша ол кезең 12-18 жас аралықтарында болады. Бұл жаста өмірлік қиындықтарды психологиялық тұрғыдан жеңуді үйрену процесі ең белсенді түрде жалғасуда, оның табысты болуында маңызды ересектермен, ең алдымен ата-аналармен қарым-қатынасты қолдау ерекше рөл атқарады, бұл мінез-құлық үлгілерінің қалыптасуы деп айтуға болады. Дәл осы кезде балалар көбінесе жалғыздықты сезінеді, күйзеліске жиі ұшырағыш болады, махабатты сезінгісі келеді, болашақтарына уайымдай бастайды және болған әр уақиғаны жүрекке тым қатты жақын қабылдағыш болып келеді. Ал ең бастысы алға мақсат қояды және қиындықпен күресуге күш іздейді. Айналысындағы адамдарға қарап, олардан үлгі алады, әсіресе ата-анасына қарап, олардың іс-әрекеттерін проециялайды. Балаға үлгі ғана емес, сонымен бірге қиын өмірлік жағдайлардан тиімді күресу тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Теориялық тұрғыдан алғанда, жасөспірімдер жеке тұлғаны жаңадан қалыптастыра бастағанда, олар үшін қоршаған ортада болатын әрбір элемент маңызды. Достарының, мұғалімдерінің, сыныптастарының әрекеттері, тіпті әлеуметтік желі де баланың мінез-құлық қалыптастыруындағы психикасына үлкен әсер етеді. Бірақ ең басты баланың үлгі алатын объектісі ол ата-ана. Себебі, олар баланы туғаннан бастап тәрбиелейді. Баланың өмірге келгенде бірінші көргені ол оның анасы, сосын әкесі. Жасөспірім баланың өсе келгендегі қырсық мінезі ата-анасымен арадағы қарым қатынасты өзгертуі мүмкін. Сондай жағдайда ата-ананың қалай кері байланыс беруі де маңызды. Және әке-шешесі қиын жағдайға түскенде өзін қалай ұстайды, кейін бала да өзін солай ұстайтын болады. Әрине, балалар ата-анасының әлсіздігін проециялауы да мүмкін. Сондықтан баланың ал-

дында стресстік сәттерден оңай шығу, қиын сынақтардан сүрінбей өту мәселесін шешуге тырысады. Автор ата-ананың мен баланың копинг мінез-құлқын анықтау үшін мақала авторы Дружинина зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу материалдары жасөспірімдердің мінез-құлқына аналардың іс-әрекеті қалай әсер ететінін түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада айтылғандай, қазіргі заманғы әлеуметтік орта адамға қиын, түсініксіз, стресстік жағдайларда оңтайлы шешімдерді табу тұрғысынан жоғары талаптар қояды, өйткені адам өмір бойы әртүрлі жағдайларға тап болады, олардың кейбіреулерін ол субъективті түрде қиын және шешілмейтін деп бағалай алады. Осы қиындықтарды жеңу үшін бала ата-анасының және басқа туыстарының тәжірибесін пайдалана алады немесе мінез-құлықтың жаңа формаларын өз бетінше құрастыра алады. Осы Зерттеу жұмыстарына барлығы 60 адам қатысқан. Соның 30 жасөспірім баласы бар ана болса, қалғаны 14-16 жастағы 17 қыз бала, ал 13 ұл бала. Зерттеу жұмысын іске асыруға авторға Дементия “Ч.Карвермен күресу стратегияларының сауалнамасы” және Желдак «Ата-ана қатынасының шкаласы» сауалнамасы (ШРО) көмектесті. Зерттеу сауалнама түрінде жүргізілді. Аналар өз балаларының мінез-құлқының ерекшеліктерін, ал жасөспірімдер де өздерінің мінез-құлқының ерекшеліктерін атап өтуі керек болды, сонымен қатар жасөспірімдердің пікірінше, олардың ата-аналарын алаңдатып, алаңдатуы мүмкін екенін көрсету керек. және зерттеуге сәйкес, көптеген жасөспірімдер өздерінің дұрыс емес мінез-құлық деп айтатындарын біледі, бірақ мұндай мінез-құлық арқылы ата-аналарының мазасын алуы мүмкін екенін мойындамайды. Нәтижесінде балаларының кеш ұйқыға жатуы 96,97%, өтірік сөйлеуі 53,33%, үй тірлігіне көмектеспеуі 46,67%, өз бөлмелерінде жинамауы 53,33% ата-ананы алаңдатады, өздері де соны біледі. Бірақ көбінесе ол факт анасын уайымдататының түсінбейді. 15 жасөспірімнің 10%-ы өзін өл-

тіремін деп қорқытқан. Осыған қараса, көптеген жасөспірімдер жас ерекшеліктеріне орай өзімішл болады. Олар ата-анасымен көп сөзге келісуі мүмкін, өзінікін ғана дұрыс деп есептейді және өмірін қатерге тігуі де әбден мүмкін. Шындығына келсек жасөспірімдердің көбі өзін өлтіру туралы ойлайды және оның біразы әрекет жасайды. Зерттеу жұмысын іске асыруға авторға “Ч.Карвермен күресу стратегияларының сауалнамасы” Дементия және «Ата-ана қатынасының шкаласы» сауалнамасы (ШРО) Желдак көмектесті. Автор Дружининаның айтуы бойынша Карвердің копинг-стратегия туралы сауалнамасы күйзеліске ұшыраған кезде жасөспірімдер мен олардың ата-аналары қалай әрекет ететінін білуге мүмкіндік берді. Зерттеу жұмыстарының көмегімен бала әрекеттері мен копинг стратегияларын анықталған. Мақалаға сенсек жасөспірімдерге қатысты «Позитивті түсіндіру және өсу», «Эмоционалды қоғамдық қолдауды іздеу», «Белсенді қоғамдық қолдауды іздеу», «Белсенді күресу», «Жоспарлау» және «Қабылдау» сияқты күресу стратегиялары «Эмоцияларға және олардың көрінісіне назар аудару», «Тью», «Психикалық кері кету», «Бәсекелестік белсенділікті басу» және «Өзіл» стратегияларына қарағанда Жасөспірімдер жиі қолданатын күресу жиі қолданылады деп айта аламыз. стратегиялары: «Дінге бет бұру», «Басқару», «Мінез-құлықтан бас тарту», «Алкоголь мен есірткіні пайдалану» екенін білуге болады.

Осындай өтпелі кезеңде баланың өз құндылықтарын бағалау процестері жүре бастайды. Осыған орай, біз Холлкова & Малохвейдің (2014) “Кіші мектеп оқушыларының адамгершілік құндылықтарын дамыту мәселесі” деген мақаланы тандадық. Мақалада бала өзге ортаға жаңадан келуіне байланысты өзін өзі ұстауы, ортаға деген бейімділігі, белсенділігінің аз екендігі зерттеу нәтижесінде анықталған. Осы мәліметтерге сүйене отырып, бастауыш сыныптағы балалар үшін туыста-

рымен және жақын адамдарымен өзара қарым-қатынасы моральдық тұрғыдан құнды және мағыналы деген қорытынды жасауға болады, бұл балалардың туыстарына деген сүйіспеншілігін білдіреді. Балаларды мектепте оқытудың алғашқы күнінен-ақ бастауыш оқушыларының қоршаған орта туралы әр түрлі түсінікпен келетіндігі, мораль туралы ұғымдары да, мінез-қырларымен әдеттері де әр басқа екендігі айқын. Кейбір балалар достарымен тату-тәтті ойнайды, кейбірі керек болса тіпті ойыншықтарын беруге де даяр. Ал енді біреулері сыртта оқшауланып жүреді, өзіншіл әрі тұйық болады. Балалардың моральдық саналарының, қоғамға байланысты ұғымдарының, мінез-құлықтағы өзіндік дағдылары мен әдеттерінің дамуындағы осы айырмашылықтарды адамгершілік тәрбиесі барысында мектеп түзетуі керек. Мектеп білімі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың адамгершілік тәрбиесіне едәуір ықпал етеді. Адамгершілік тәрбиесі белгілі жүйеде жүзеге асырылады. Рене Жильдің 2 әдістемесін қарастыратын болсақ, олар “Цветик – семицветик” әдістемесі және “Школа зверей” белсенді әдістемесі. “Цветик – семицветик” әдісі балалардың материалдық және рухани-адамгершілік тәртіптің жалпы құндылықтарын анықтауға бағытталған. Өзіне және басқа қоршаған ортаға деген тілектердің бағытына диагноз қойылады, сол арқылы бастауыш сынып оқушыларының басым моральдық құндылықтары жойылады. “Школа зверей” проективті әдістемесі балалардың мұғалімге деген қарым-қатынасын зерттеуге бағытталған және оның нәтижелері балалардың өздері оқитын мектептің суретін сандық және сапалық түсіндіруін білдіреді. Рене Жильдің жүргізген зерттеуіне байланысты бірінші сынып оқушыларының тек туыстарымен және жақын адамдарымен қарым-қатынас моральдық маңызды 74% көрсеткішке ие болып ал мұғалімге құндылық қатынасы балалардың тек 11% анықталды, бұл ғылыми мәліметтерге қарама-қайшы келетін маңызды көрсеткіш

болып табылады. Үлкен топтардағы қарым-қатынастың құндылығы және олардағы үйлесімділік өзара әрекеттесудің құрылысы балалардың 14%-ын құрады. Нақтырақ айтатын болсақ, балалардың 39%-ы туыстары мен жақындары үшін материалдық құндылықтарды басым; ал 38%-ы өздері үшін материалдық құндылықтарды, қымбат сыйлықтар алуы маңызды деп белгілеген; бастауыш сынып оқушыларының 12%-ы үшін мінезі-жеке қалауларының әлсіздігіне, жауаптары минимдік қажеттіліктерге негізделген. Балалардың тек 11% - ы өздері үшін және қоршаған орта үшін маңызды адамгершілік құндылықтарды бөлді. Баланың сенімділігін арттырып, ортаға қарай баулу, өзін өзі ашуы, өзін дұрыс ұстауы, сөйлеуі тікелей ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынастың басты себепшісі. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушылары үшін айналасындағы адамдарға қамқорлық маңызды емес болып саналады. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылар адамгершілік құндылықтары мен тұрақты мінез-құлқының дамуының алғышарттарының пайда болу мүмкіндігі тұрғысынан зерттеу туындап осы жастағы баланың мінез-құлқының тұрақты формаларының және идеалдардың адамгершілік үлгілерін қалыптастырумен ғана емес, сонымен бірге баланың қарым-қатынасының қалыптасқан жүйесімен де байланысты деген қорытындыға әкеліп соқтырады. Адамгершілік дамуындағы бастауыш мектеп өтпелі кезең ретінде саналады және екі дағдарыс шегінде алынады. Олар тұрақты моральдық мінез-құлық формаларын қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасай алатын және жасалуы қажет ересектердің ерекше назарын талап етеді. Осындай жағдайларға сәйкес мақалаға сәйкес Узбекованың пікірінше мектеп жасына дейінгі жаста қажеттіліктер 3-ке бөлінеді: 1) Баланың жақын ортамен жағымды эмоционалды қарым-қатынасының болуы; 2) Баланың өзін-өзі бағалауы және басқа адамдармен байланысты барлық жағдайларда жасайтын өзіндік

іс-әрекетімен байланысты болуы; 3) Даму үстіндегі жеке тұлға үшін үйреншікті бола отырып, өз іс-әрекетінде басқалармен қарым-қатынасы, қоршаған ортаға және өзіне деген оң көзқараспен байланыста болуы. Бастауыш сынып оқушылары үшін басым моральдық құндылық ата-анамен қарым-қатынас болып табылады, ал мұғаліммен және балалардың өзінен үлкен топтарымен қарым-қатынастың маңыздылығы аз, бұл мектептегі ынтаның әлсіздігін және бастауыш сынып оқушыларының қиын бейімделуін көрсетеді.

Маңызды аспектілердің бірі бұл баланың қоршаған ортаға бейімделуінің динамикасы. Осы аспектіге байланысты Литвиненконың (2007) “Дамудың сыни кезеңдерінде оқушылардың әлеуметтік - психологиялық бейімделуінің динамикалық ерекшеліктері” мақаласын анализге тандадық. Мақалада психикалық денсаулықтың ең төменгі көрсеткіштері 7, 11-12 және 15 жас аралығында тіркелетіні жазылады. Дамудың қиын кезеңдеріндегі өзгерген әлеуметтік жағдайдың талаптары мен жеке тұлғаның қажеттіліктері, мүдделері, құндылық бағдарлары арасындағы үйлесімді қатынасты қамтамасыз ететін әлеуметтік-психологиялық бейімделу оның толыққанды қызмет етуіне, дамуына және өзін-өзі дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Осыған байланысты жүргізілген тәжірибе әлеуметтік-психологиялық бейімделуді тұлға пен әлеуметтік ортаның өзара әрекеттесу процесі ретінде түсінуге негізделген. Теориядағы ережелерді оқи отырып, адамның кризис периоды мектеп табалдырығынан аттап алған сәттен басталады десек қате сөз емес. Атап айтқанда, әлеуметтік-психологиялық бейімделу, эмоционалдық сауаттылық даму әлеуметтік жағдайдың бірінші қажеттілік ретінде зерттелді. Элькониннің пікірінше, мектеп жасында жетекші болып табылатын оқу қызметінің өнімділігі; ересектермен және құрдастарымен әлеуметтік байланыстардың табыстылығы; адамның ішкі

дүниесінің, оның өмірлік көзқарастарының, құндылықтарының және идеалдарының бүкіл жүйесінің сыртқы көрінісі болып табылатын мінез-құлық ерекшеліктері. Зерттеу тобына 1,5,9-сынып оқушылары кірді, бұл топтарда балаларда мектептегі мазасыздық оңтайлы деңгейде анықталды және оқу іс-әрекетінде кейбір қиындықтар мен қиындықтар болды. Олар сондай-ақ эмоционалды салада қиындықтарға тап болды. Зерттеу нәтижесінде толық бейімделмеген 5 сынып оқушысы 1 сынып оқушысы мен 9 сынып оқушысынан екі есе аз екендігі анықталды. Сондай-ақ, бірінші сынып оқушыларының көпшілігінде тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік бейімделудің қиындықтары бар екенін атап өткен жөн, содан кейін бесінші сыныптар екінші орынды алады, ал 9-сыныптан кейін котопыхна күрделіліктің аз пайызына ие. Бірақ бесінші сыныпта өмірдің барлық маңызды салаларында қиындықтарды көрсетудің ең жоғары деңгейі байқалды. Сонымен қатар, жасырын сипаттағы қиындықтар анықталған топтар да бар. Олар өмірдің барлық басқа салаларында бәрі жақсы болса да, алаңдаушылықтың өте жоғары деңгейін көрсетті. Айта кету керек, оқу бөлімімен бәрі жақсы. Олардың оқуда қиындықтары жоқ, олар тіпті өте жақсы оқиды және оқудағы тұрақтылығы жақсы болып келеді. Мектеп оқушыларының дамудың қиын кезеңдеріндегі әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің динамикалық ерекшеліктерін диагностикалау үшін осындай әдістердің тұтас кешені қолданылды: сараптамалық бағалау, сұрақ қою, социометрия, тартылыс өлшемдері, референтометрия, Филлипстің мектептегі мазасыздану тесті, Прихожанның «Шкала тревожности», Стоттың «Карта наблюдений». Психологиялық-педагогикалық әдістер кешені бойынша 1,5,9-сынып оқушылары үшін алынған мәліметтер оларды бейімделу деңгейі мен қиын бейімделу курсының сипаты бойынша топтарға бөлуге мүмкіндік берді (2 б.).

Бастауыш сынып оқушыларының даму барысында баланың интеллектуалдық көрсеткіштері үлкен рөл атқарады. Дәл осыған біз өзінің зерттеуі бар Славуткаяның (2011) “Жас жеткіншектердің эмоционалды ерікті сферасына дамып келе жатқан әсер ететін интеллектуалдық көрсеткіштерін зерттеу” мақаласын қарастырдық. Мақалада жасөспірімдердің эмоционалды-еріктік қасиеттері мен интеллектуалдық деңгейлері арасындағы байланыс зерттеледі. Осы бойынша тәжірибе 9-12 жас аралығындағы мектеп оқушыларының эмоционалды-еріктік саласын диагностикалау және дамыту бойынша үш жыл бойы жүргізілген. Диагностика әдістері мен түзету-дамыту жұмыстары сипатталған және эмоционалды-еріктік сфераға әсері мектеп оқушыларының интеллектінің дамуына ықпал ететіні көрсетілген. Мақала бойынша Блонский баланың 9-12 жастағы кезеңін психогенездің өзіндік ерекшеліктері бар «препубертаттық балалық шақ» деп атайды (1 б.). Балалардың оқу жетістігіне әсер ететін әртүрлі мәселелерін зерттей отырып, зияткерлік қабілеттердің өзекті болуына эмоционалды блоктар, тұлғаның дамуына да, оның интеллектінің жүзеге асуына да кедергі келтіретін мүмкін болатын жағымсыз тәжірибелер әсер етуі мүмкін екені болжанады. Мұндай мәселелер кейінірек бастауыш мектептен орта мектепке көшу кезінде оқушылардың дезадаптациясына әсер етіп, оның себебі болуы мүмкін. Яғни, эмоционалды-еріктік сфераға әсер ету - интеллектуалдық көрсеткіштерге де қатысты. Баланың одан әрі дамуын анықтайтын жаңа қажеттіліктердің пайда болуы дамудың барлық кезеңдері өткен кезде пайда болады және мотивациялық-талаптылық, ерікті және интеллектуалдық сфералардың жеткілікті деңгейімен ғана зерттелетін жаста дамудың келесі кезеңіне толығымен өтуге болады. Сонымен, мақалада мектеп оқушыларының интеллектуалдық және эмоционалды-еріктік сфераларының дамуындағы қарым-қатынасты эксперименттік зерт-

теу нәтижелері талданады. Берілген зерттеудің міндеттері: 1) осы жастағы мектеп оқушыларының эмоционалды, ерікті қасиеттері мен интеллектінің өзара әсер ету ерекшеліктерін анықтау; 2) бастауыш сыныптан орта мектепке дейінгі оқушылардың эмоционалды-еріктік саласын дамытудың эксперименттік бағдарламасын әзірлеу және сынау. Жыныстық жетілу дағдарысы кезіндегі 11-12 жастағы бастауыш мектептен орта мектепке көшу жаңа жағдайларға бейімделумен байланысты, интеллектуалдық және эмоционалды-еріктік сала. Екінші кезеңде 9-12 жас аралығындағы 227 оқушы тексерілді: оның 120-сы 3-4-сынып болса, 107-сі 5-сыныптағы оқушылар. Сабақтар барысында балаларға әртүрлі сюжеттер ұсынылды, олар қарым-қатынас және әртүрлі жағдайларда әрбір оқушы өзінің қалай әрекет ететінін, осыған байланысты өзінің сезімін айтты. Содан кейін балалар жүргізуші ұсынған өмірлік жағдаяттарға қатысты сұрақтарға жауаптарды дәптерге жазып, оқып, талқылады. Кіші жасөспірімдердің рефлексия мен эмоционалды түзетудің дамуына сезімталдығы осы жас кезеңінде осы бағытта жұмыс істеу қажет деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сараптау нәтижелерінде келесі оқу жылында оқушылардың интеллектінің дамуының нормативтік деңгейінің жоғарылағанын көрсетілді, бірақ кейбір сыныптарда оқушылардың 50% - ында дезадаптация байқалды.

Нәтижелер бойынша оқушылардың осындай тұлғалық қасиеттер мен интеллектке әсер ететін факторларды атап өтуге болады: қозғыштық, үлкен және шулы компаниялардағы қарым-қатынасқа ұмтылу, жоғары фрустрация, эмоционалды тұрақтылық, ұялшақтық, көпшіл, аз қобалжу, көңілділік, шынайылық, алаңдаушылық, нәзіктік. Бесінші сынып оқушыларының көпшілдігі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым олардың алаңдаушылығы төмендейді немесе керісінше екендігін көре аламыз. Жылдың соңында ғалымдар интеллект және

10 көрсеткіштерінің жеке факторға, ал эмоционалды қасиеттердің - тәуелсіз факторға тікелей пропорционалды бөлінуін байқаймыз. Қалыптастырушы экспериментке дейін және одан кейінгі оқушылардың бақылау және эксперимент топтарында жүргізілген өлшемдер бесінші сыныптың басында эмоционалды және интеллектуалдық сфералар арасында байланыс бар екенін көрсетті. Оны студенттердің бақылау топтарында жыл соңында жүргізілген факторлық талдау нәтижелері дәлелдейді. Балалардың эксперименттік тобында интеллект психодиагностиканың екі әдісі бойынша жеке фактор ретінде ерекшеленді: диагностикалық талдау нәтижелеріне негізделген 10-12 жастағы оқушылар интеллект көрсеткіштері төмен балалардың эмоционалды тұрақтылығы жоғары екенін анықтады. Екінші жағынан, корреляциялық талдау көрсеткендей, «оқыту» деңгейі жоғары, бірақ интеллект дамуының орташа деңгейі бар балалар мектептегі дезадаптацияға көбірек ұшырайды; интеллект коэффициенті коммуникативті немесе эмоционалды қасиеттермен байланысты; еріктік қасиеттер әрқашан эмоционалды немесе коммуникативті қасиеттермен байланысты. Студенттердің IQ мен ерікті қасиеттерінің арасында тікелей байланыс орнатылмаған. Екі жыныстағы балаларда динамикада үстемдік пен еріктік қасиеттер арасында кері байланыс бар. Сонымен, осы жас кезеңіндегі балалардың даму динамикасында тұлғаның интеллектімен және эмоционалды-еріктік қасиеттерімен өзара байланысты коммуникативті қасиеттер, үлкен мәнге ие. Қарым-қатынастың динамикасы мен эмоционалды бояуы 9-12 жастағы балалардың табысты әлеуметтенуіне және олардың интеллектінің дамуына тікелей байланысты. Сонымен бірге, эксперимент нәтижелері көрсеткендей, эмоционалды-еріктік сфераның қалыптасуы интеллектінің дамуына тікелей әсер етеді. Жүргізілген эксперимент әсер ету кезінде оқушылардың интеллектуалдық көрсеткіштерінің өзге-

руі мүмкін екенін көрсетті. Зерттеу жүргізу үшін Цукерманның бесінші сынып оқушыларына арналған «Өзін-өзі дамыту психологиясы» бағдарламасы зерттеу мақсатына сәйкес келетін элементтер енгізіліп қолданылған. Бұл осы жас үшін эмоционалды маңызды материал бойынша студенттердің өз күйлері мен мінез-құлқын кезек-кезегімен міндетті түрде ауызша және жазбаша түрде көрсету; эмоционалды блоктарды, кейбір тосқауылдарды жою үшін арт-терапия сабақтарын енгізуді қамтиды. Оған қоса қосымша ақпарат алу үшін сегіз симптомдық кешендерді анықтаумен ДДЧ (дом-дерево-человек) әдісі қолданылды.

Енді баланың дамуына әсер ететін биологиялық факторларды қарастырсақ, онда бұл кіші мектеп оқушыларының гормоналды фоны болып табылады. Бұған орай біз Лавров, Курашвили, & Струковтың (2016). “Оқушылардың қан сарысуындағы қалқанша безінің спецификалық антиденелерінің гормоналды жағдайын бағалау” мақаласына назар аударып, анализге алдық. Мақалада экологиялық қауіпті аймақта тұратын 8 бен 16 жас аралығындағы 169 оқушының иммундық жағдайын, қалқанша безінің гормоналды кешенін зерттеу нәтижелері берілген. Бақылауға Пенза облысы Пенза ауданының елді мекендеріндегі мектептерде оқитын 8 бен 16 жас аралығындағы 169 оқушы қатысты. Сауалнама кезінде барлық балаларда жедел ауру және созылмалы соматикалық патология болмаған. Мектеп оқушылары өз кезегінде жынысы бойынша екі топқа бөлінді: қыздар және ұлдар тобы. Алдын ала кезеңде мектеп оқушыларының төлқұжаттары мен антропометриялық мәліметтері жазылған сауалнамалар жіберілді. Зерттеуге қосудың міндетті шарты қан сынамасын алуға ақпараттандырылған келісімге қол қою болды.

Зертханалық зерттеулерге сәйкес, көптеген мектеп оқушылары иммуноглобу-

линнің орташа мәндерін көрсетті, бірақ кейбіреулері төменгі және жоғарғы шектерге жатады. Кейбіреулерінде ғана ауытқуы байқалған. Иммуноглобулиннің мөлшерінің жоғарылауы қалқанша безге әсер ететін агрессиялық фактордың болуын растайды. Бұдан шығатыны, аутоантиденелер патологияның клиникалық көрінісіне дейін зерттелетін адамның қалқанша безіндегі өзгерістердің маркерлері болып табылады. Иммундық статустың ауытқуы қалқанша безінің қызметтері сәйкес келмеуі және оның басқа органдармен қарым-қатынасымен өзара байланысты, әсіресе қыздарда жүреді. Ауқымды зерттеуге 8 бен 16 жас аралығындағы 169 мектеп оқушысы қатысты. Мектеп оқушылары мен ересек тұрғындарда тиреотоксикоздың және гипотиреоздың дамуын болдырмау үшін зерттеумен дәлелденген Тирео-Вит минералды кешені қолданылған. Бұл минералды кешеннің құрамында көптеген макро-микроэлементтер бар потенциал қалқанша безінің жұмысын қалыптастыруға ықпал етеді, қалқанша безінің ауруларының алдын алу үшін қолданылады.

Мақаламыздың жарқын сәттеріне келетін болсақ:

- Өтпелі кезеңдегі жасөспірімдердің ата-анасын өздеріне қол жұмсауға әрекетімен қорқытуы (Дружинина, 2012).
- Көп жасөспірімдер қиын жағдайға тап болғанда ата-анасынан емес, достарынан көмек сұрауға жүгінуі, немесе ұмыту үшін темекі шегу мен ішімдікке берілуі (Дружинина, 2012).
- Бастауыш сынып оқушысы жаңа мектепке ауысқанда жаңа ортаға бейімделу қиынға соғуы (Славутская, 2011).
- Балалардың 77% - ы материалдық құндылықты бірінші орынға қоюы және 11%-ы адамгершілік құндылықтарды таңдауы (Холодкова, & Малохвей, 2014).

- Тұлғааралық қарым-қатынас саласында қиындықтар 1-сынып оқушылары арасында көптеп кездесуі (Литвиненко, 2007).
- Күрделі психикалық тұлға ретінде оның биологиялық, психикалық және әлеуметтік факторлар бір-бірімен тығыз байланысады (Рудакова, 2016).
- Иммуноглобулиннің мөлшерінің жоғарылауы қалқанша безге әсер ететін агрессиялық фактор болып саналады (Лавров және т.б., 2016).

Осы мәліметтерді қарастыра отырып, қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларының эмоцияналдық күйі және психикалық санасы әлеуметтік ортаның жағымсыз факторларына өте сезімтал болып келетінін ашық айтуға болады. Яғни, жасөспірімнің жеке даму үдерісіне келесі пункттер кері әсерін тигізуі мүмкін: оның отбасы, достары, әлеуметтік желі, горманалдық фон, өмірлік құндылықтары. Адам жас дағдарысы кезінде жоғары айтылған мәселелермен кездеседі және баланың жеке тұлға болып қалыптасуы өтпелі кезеңде маңызды болып саналады. Осы мақаладағы жасөспірімдердің психикалық дамуын зерттеуге арналған әдістердің және сауалнамалардың нәтижелерін талқылауымыз көпшілікке пайдалы болды деген ойдамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1) Рудакова О. (2016). “ Психологическая диагностика негативных факторов развития личности младшего школьника в период кризисного возраста” <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskaya-diagnostika-negativnyh-faktorov-razvitiya-lichnosti-mladshego-shkolnika-v-period-voznastnogo-krizisa>

2) Дружинина А. (2012). « Трудности в детско родительских отношении и совладающие поведения родителей и их детей подросткового возраста» (128-134)

<https://cyberleninka.ru/article/n/trudnosti-v-detsko-roditelskih-otnosheniyah-i-sovladayuschee-povedenie-roditeley-i-ih-detey-podrostkovogo-voznasta/viewer>

3) Холодкова О., & Малохвей С. (2014). “ К проблеме развития нравственных ценностей младших школьников”

<https://cyberleninka.ru/article/n/k-probleme-razvitiya-nravstvennyh-tsennostey-mladshih-shkolnikov/viewer>

4) Литвиненко Н. (2007). “Динамические особенности социально-психологической адаптации школьников в критические периоды развития”

<https://cyberleninka.ru/article/n/dinamicheskie-osobennosti-sotsialno-psihologicheskoy-adaptatsii-shkolnikov-v-kriticheskie-periody-razvitiya/viewer>

5) Славутская Е. (2011). “Исследование интеллектуальных показателей младших подростков при развивающем воздействии на их эмоционально-волевою сферу” <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-intellektualnyh-pokazateley-mladshih-podrostkov-pri-razvivayuschem-vozdeystvii-na-ih-emotsionalno-volevuyu-sferu/viewer>

6) Лавров А., Курашвили Л., & Струков В. (2016). “Оценка гормонального статуса специфических антител щитовидной железы в сыворотке крови у школьников” <https://cyberleninka.ru/article/n/otsenka-gormonalnogo-statusa-i-spetsificheskikh-antitel-schitovidnoy-zhelezy-v-syvorotke-krovi-u-shkolnikov>